



**«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-на
оқуға
ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ**

Талдықорған 2023 ж.

БАКАЛАВРИАТТЫҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ҚАҒИДАЛАРЫ

1. Жалпы ережелері

1. «І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-на (бұдан әрі – І.Жансүгіров атындағы ЖУ) оқуға қабылдаудың қағидалары «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайтын «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидалары негізінде әзірленген.

2. І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне тұлғаларды қабылдау республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын тағайындау, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты мен басқа да қаржы көздері есебінен оқуға ақы төлеуі арқылы жүзеге асырылады. Білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылардың саны І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау жоспарына сәйкес қалыптастырылады.

2. Қабылдау тәртібі

3. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, жоғары білімі бар тұлғалар, келесі білім салалары бойынша қабылданады: осы Үлгілік қағидалардың **1-қосымшасына** сәйкес бакалавриаттың білім беру бағдарламаларына «Педагогикалық ғылымдар», «Өнер және гуманитарлық ғылымдар», «Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат», «Бизнес, басқару және құқық», «Жараталыстану ғылымдар, математика және статистика», «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар», «Инженерлік, өндеуші және құрылыс салалары», «Ауыл шаруашылығы және биоресурстар», «Қызметтер».

4. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен жоғары білімнің білім беру грантын беру конкурсына қатысу және (немесе) ақылы оқуға қабылдау үшін қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар, «Ұлттық бірыңғай тестілеу өткізу қағидаларында» көрсетілген мерзімде ҰБТ өткен және 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 «ҰБТ өткізгендігі туралы сертификат беру» мемлекеттік қызметі көрсетілген, келесі білім беру саласы бойынша алған нәтижесі: кемінде 50 балл, «Педагогикалық ғылымдар» және «Құқық» - кемінде 75 балл алған тұлғалар жіберіледі.

Бұл ретте ҰБТ-ның әр пәні бойынша және (немесе) әр шығармашылық емтиханнан кемінде 5 балл алу қажет.

Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен қысқартылған оқу мерзімін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға арналған жоғары білімнің беру грантын беру конкурсына қатысу үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар, ҰБТ-дан өткен және оның нәтижелері бойынша – кемінде 25 балл және "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша – кемінде 35 балл, оның ішінде ҰБТ-ның әрбір пәні және (немесе) шығармашылық емтихан бойынша кемінде 5 балл жинаған адамдар жіберіледі.

4.1 Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстититьюшнал Тестинг программ) (TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ) , Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm (Тест ов Инглиш аз а Форин Лангудж Инстититьюшнал Тестинг програм) Internet-based Test (Интернет бейзид тест) (TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL Paper-based test (Пэйпа бейзид тест, TOEFL PBT (ТОЙФЛ

ПИБИТИ)), International English Language Tests System (Интернашнал Инглиш Лангудж Тестс Систем (IELTS (АЙЛТС) халықаралық сертификаттары бар тұлғалар қалауы бойынша ҰБТ-да "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәнін немесе арнайы пәнін тапсырудан босатылады.

SAT (ЭсЭйТи – САТ), АСТ (ЭйСиТи), IB (АйБи), A Level (Э-Левел), TOEFL ITP (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL IBT (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL PBT (ТОЙФЛ ПИБИТИ), IELTS (АЙЛТС) халықаралық стандартталған тест сертификаттары бар тұлғалар Қағидаларға 2-1-қосымшаға балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысады және І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не ақылы бөлімге қабылданады."

5.«Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 43-1-бабы 2-тармағының б) тармақшасына сәйкес І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар осы Үлгілік қағидалардың 3-қосымшасына сәйкес белгіленген өту балдарына сәйкес қабылданады.

6. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына оқуға қабылданады.

І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не «Орта буын маманы» біліктілігін алған, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар, қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша ақылы негізде қабылдауды сұхбаттасу нәтижесі бойынша жүзеге асырады.

І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не жоғары білімі бар тұлғаларды ақылы негізде қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін білім беру бағдарламаларының тобы бойынша сұхбаттаусу нәтижелері бойынша жүзеге асырады.

Жалпы орта білімі бар, мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не оқуға қабылдау Сұхбаттасу нәтижелері бойынша мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Мерзімді әскери қызмет өткерген, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімі бар Қазақстан Республикасының азаматтары мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін екі жыл ішінде Сұхбаттасу нәтижелері бойынша оқудың қысқартылған мерзімдерін көздейтін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша ақылы негізде оқуға қабылданады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Сұхбаттасудың мақсаты қысқартылған білім беру бағдарламасына түсушінің теориялық және практикалық дайындық деңгейін бағалау болып табылады.

Сұхбаттасу ауызша түрде жүргізіледі.

Сұхбаттасу сұрақтары білім беру бағдарламаларының жетекшілерімен әзірленеді және оқу-әдістемелік кеңесте бекітіледі.

Сұхбаттасу ұйымдастыру және өткізу үшін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы- Ректордың шешімімен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен сұхбаттасу өткізу жөнінде комиссия құрылады.

Бұл ретте, техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында оқуға түсу және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні және (немесе) жоғары білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келуі кезінде формальды білімнің алдыңғы деңгейіндегі оқыту нәтижелері автоматты түрде, игерілетін академиялық кредиттер мен оқу мерзімі қысқарады ("Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 27 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес 21-тармақ).

Егер бірінші жоғары білім беруді даярлау бағыты таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда, білім алушы білім беру бағдарламасымен айқындалатын көлемде академиялық кредиттерді қосымша меңгеруі тиіс.

Пәндердің қосымша көлемі І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің академиялық саясатының 6.10-тармағына сәйкес мерзімдерде қарастырылуы тиіс.

Бұрын қол жеткізілген нәтижелерді тануды есепке алу жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының туыстық топтарының және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру мамандықтарының сәйкестігі туралы әдістемелік ұсынымдармен айқындалады (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 1 сәуірдегі №134 бұйрығы), Егер бірінші жоғары білім беруді даярлау бағыты осы Қағидаларға 4 қосымшаға сәйкес таңдалған білім беру бағдарламасына сәйкес келмеген жағдайда, білім алушы ақылы негізде білім беру бағдарламасымен айқындалатын көлемде академиялық кредиттерді қосымша меңгеруі тиіс.

(Ескерту. 6-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 бұйрығымен)

7. Шетел азаматтарын ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиялары өткізетін сұхбаттасу нәтижелері бойынша күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Бұл ретте шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5(бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

Шетел азаматтарын қабылдау тәртібі:

1. Құжаттарды тапсыру.
2. Сұхбаттасу.
3. Оқуға келісім-шарт жасау, оқуға ақы төлеу.
4. Медициналық құжаттарды ұсыну.
5. Білім алушылар құрамына қабылдау.
6. Көші-қон есебіне қою.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің ресми шақыруы бойынша, сондай-ақ өз бетімен қонақ немесе туристік виза бойынша Қазақстан Республикасына келген шетел азаматтары сұхбаттасуға жіберіледі. ЖОО-ға түсу мақсатында ҚР-ға өз бетінше келген шетел азаматтары ЖОО-ға түсу мақсатында ҚР-да шетел азаматтарының болу ережелерін, қолданыстағы заңнаманы сақтауға міндетті.

Шетел азаматтары І.Жансүгіров атындағы ЖУ бакалавриатының білім беру бағдарламаларына түсу үшін, келесі құжаттарды тапсыру қажет:

1. жалпы орта (толық) білімі туралы немесе кәсіптік орта білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжат не жалпы орта (толық) білімі туралы немесе кәсіптік орта білімі туралы мемлекеттік үлгідегі құжатқа ҚР баламасымен танылатын шет мемлекеттің білім туралы құжаты қосымшасымен (сағат саны мен оқылған пәндер туралы, бағалары көрсетілген);
2. білімі туралы құжаттың нотариалды куәландырылған 2 көшірмесі және олардың қазақ және / немесе орыс тілдеріндегі ресми куәландырылған аудармалары;
3. түсушінің жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасы (паспорты) және оның қазақ немесе орыс тілдеріндегі аудармасы бар нотариалды куәландырылған көшірмесі;
4. 3 x 4сантиметр көлеміндегі 6 фотосурет (күнгірт/матовый);
5. № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген электрондық форматта 075/у нысаны бойынша медициналық анықтама).

Аударма мәтінін Қазақстан Республикасының нотариусы немесе білім туралы құжаттарды берген елдегі Қазақстан Республикасының консулдығы куәландыруы тиіс.

Барлық аударымдар кіру визасында көрсетілген тұлғаның аты-жөніне рәсімделуі тиіс.

Шетел азаматы шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді ұсынған жағдайда, І.Жансүгіров атындағы ЖУ оған құжаттарды қайтаруға және білім алушылар қатарынан шығаруға құқылы.

8. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не түсушілерді қабылдау "Білім беру ұйымдары білім беру қызметінде пайдаланатын қатаң есептіліктегі құжаттардың нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің міндетін атқарушының 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4991 болып тіркелген) бекітілген нысан бойынша белгіленген үлгідегі, ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) нәтижелерін ресми растайтын Ұлттық тестілеу орталығының сайтында жарияланатын электрондық сертификат (бұдан әрі – ҰБТ сертификаты) балдарына сәйкес олардың өтініштері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады (Заңның 26-бабының 8-1-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда).

(Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022.12.15 № 189 бұйрығымен)

9. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-де Басқарма Төрағасы- Ректордың шешімімен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының құрамына І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің ректоры, проректорлары, құрылымдық бөлімдердің басшылары мен профессорлық-оқытушылық құрамының өкілдері кіреді. Қабылдау комиссиясы құрамының саны тақ санды құрайды. Қабылдау комиссиясының Төрағасы І.Жансүгіров атындағы ЖУ КЕ АҚ-ның Басқарма Төрағасы-Ректор болып табылады. І.Жансүгіров атындағы ЖУ КЕ АҚ-ның Басқарма Төрағасы-Ректордың бұйрығымен немесе оның міндетін атқарушы тұлғамен қабылдау комиссиясының жауапты хатшысы тағайындалады.

3. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды қабылдау мен өткізу тәртібі

10. Арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламалары топтары бойынша, оның ішінде «Педагогика ғылымдары» білім беру салалары бойынша оқуға қабылдау арнаулы және шығармашылық емтихандар нәтижелерін ескере отырып жүзеге асырылады.

11. Арнаулы және шығармашылық емтиханды ұйымдастыру және өткізу үшін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы- Ректордың шешімімен емтиханды өткізу кезеңіне емтихан комиссиясы құрылады.

Комиссияның құрамына І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің профессорлық-оқытушылық құрамы қатарынан, қоғамдық ұйымдардың, бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері кіреді. «Өнер» және «Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау» даярлау бағыты бойынша шығармашылық емтихандар бойынша комиссия құрамына тиісті бейінді білімі бар және мәдениет және спорт саласындағы жергілікті уәкілетті орган ұсынған өкілдер кіреді.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді.

Комиссия тақ саннан тұрады және комиссия мүшелерінің көпшілік дауысымен комиссиясының Төрағасы сайланады. Комиссия шешімі оның құрамының кемінде үштен екісі отырысқа қатысса заңды деп саналады. Комиссия шешімі емтиханға қатысушылар санының көпшілік дауысымен қабылданады. Комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады.

12. Арнаулы және шығармашылық емтихандарды өткізу, осы Үлгілік қағидалардың 5-қосымшасына сәйкес арнаулы және шығармашылық емтихан өткізілетін білім беру бағдарламалары топтарының тізбесіне сәйкес білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жүзеге асырылады.

Арнаулы және шығармашылық дайындықты талап ететін, оның ішінде «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша жоғары білімнің білім беру бағдарламалары бойынша оқуға түсуші адамдар арнаулы және шығармашылық емтихандар тапсыру үшін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиясына мынадай құжаттар тапсырады:

1) жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі туралы құжат (төлнұсқа);

- 2) 3 x 4сантиметр көлеміндегі 2 фотосурет;
- 3) жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- 4) ҰБТ сертификаты (бар болса);
- 5) «Дене шынықтыру және спорт туралы» 2022 жылғы 15 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабының 1) тармақшасында белгіленген спорттық разрядтар және (немесе) спорттық атақтардың бірінің бар болуын растайтын құжаттың көшірмесі (бар болса) тапсырады.

13. Оқуға түсушілерден шығармашылық емтихан тапсыру үшін өтініштер қабылдау 20-маусым және 7 - шілде аралығында жүзеге асырылады.

Шығармашылық емтихан 8-15 шілде аралығында өткізіледі.

(Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 бұйрығымен)

14. Жалпы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі туралы құжаты бар, шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына түсуші адамдар екі шығармашылық емтихан тапсырады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсуші адамдар бір шығармашылық емтихан тапсырады.

Осы Үлгілік қағидалардың **6-қосымшасына** сәйкес арнаулы және шығармашылық емтиханды өткізу нысаны бекітіледі.

15. «Педагогикалық ғылымдар» білім беру саласы бойынша оқуға түсушілердің құжаттарын қабылдау және оқуға түсу үшін арнаулы емтихан өткізу күнтізбелік жылдың 20 маусымы мен 20 тамызы аралығында жүзеге асырылады.

16. Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына оқуға түсетін тұлғалар республикалық немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін шығармашылық емтиханды өздері таңдаған І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не тапсырады, ақылы негізде оқуға түсушілерді қоспағанда.

Шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламалары тобына түсетін орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар адамдар үшін Қазақстан тарихы, оқу сауаттылығы (оқу тілі) бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша шығармашылық дайындықты талап ететін, жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының тобына түсуші адамдар үшін арнайы пәннен балдары ескеріледі.

17.«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не түсуші адамдар қабылдау комиссия өткізетін бір арнаулы емтихан тапсырады.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не түсуші адамдар үшін Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы (оқу тілі), екі бейіндік пән бойынша балдар ескеріледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімі бар кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша «Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не түсуші адамдар үшін ақылы оқуға қабылданатын түсушілерді қоспағанда жалпы бейіндік және арнайы пәндер бойынша балдар ескеріледі.

«Орта буын маманы» біліктілігімен техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар үшін І. Жансүгіров атындағы ЖУ-не "педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша, ақылы негізде қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша сұхбаттасу нәтижелері бойынша арнаулы емтихан талап етілмейді.

18. Арнаулы және шығармашылық емтиханды өткізу бағдарламаларын осы

бағдарламаларды қадағалайтын кафедралар әзірлейді және І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиясының Төрағасы бекітеді.

19. Арнаулы және шығармашылық емтихан кестесін (емтиханды өткізу нысаны, күні, уақыты, емтихан тапсыру орны, консультациялар) **6-қосымшадағы** емтихан өткізу нысанына сәйкес қабылдау комиссиясының Төрағасы бекітеді, құжаттарды қабылдау басталғанға дейін оқуға түсушілердің назарына жеткізіледі және І. Жансүгіров атындағы ЖУ-нің (zhetysu.edu.kz) ресми интернет-ресурсында жарияланады.

20. Оқуға түсуші арнаулы және шығармашылық емтихан өткізілетін аудиторияға (орынға) жеке басын куәландыратын құжатты көрсеткенде жіберіледі.

Бұл ретте арнаулы және шығармашылық емтихандар бейне және аудио жазбамен жабдықталған аудиторияларда (орындарда) өткізіледі.

21. Арнаулы және шығармашылық емтихан басталғанға дейін оқуға түсушілерге емтихан материалдары беріледі және титулдық парақты ресімдеу тәртібі түсіндіріледі, сондай-ақ арнаулы және шығармашылық емтиханның басталуы мен аяқталу уақыты, нәтижелерді жариялаудың уақыты мен орны және апелляцияға өтініштер беру рәсімі көрсетіледі.

22. Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы құжаты бар оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихандар 45 балдық жүйе бойынша бағаланады.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша оқуға түсушілер үшін шығармашылық емтихан 20 балдық жүйе бойынша бағаланады.

"Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша оқуға түсушілер үшін арнаулы емтихан "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады.

23. Шығармашылық емтиханды өткізу қорытындылары бағалау ведомосымен, арнаулы емтиханды өткізу қорытындылары рұқсат беру ведомосымен, комиссияның еркін нысандағы хаттамасымен ресімделеді және қабылдау комиссиясының жауапты хатшысына (оның орынбасарына) нәтижелерді жариялау үшін беріледі. Комиссия хаттамасына төраға және комиссияның барлық қатысқан мүшелері қол қояды.

24. Арнаулы және шығармашылық емтиханның нәтижелері емтихан өткізілген күні жарияланады.

25. "Педагогикалық ғылымдар" білім беру саласы бойынша арнаулы емтихандардың нәтижелері бойынша оқуға түсушіге арнаулы емтиханды тапсыру орнына қарамастан ЖЖОКБҰ-ға ұсыну үшін рұқсат беру ведомосынан үзінді беріледі.

26. Емтихандарды өткізу кезеңіне арнаулы және шығармашылық емтиханға қойылатын талаптарды сақтау, даулы мәселелерді шешу, тиісті емтихандарды тапсыратын адамдардың құқықтарын қорғау мақсатында І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен Төрағасын қосқанда тақ саннан тұратын апелляциялық комиссия құрылады.

27. Апелляцияға өтінішті апелляциялық комиссия Төрағасының атына арнаулы немесе шығармашылық емтихан тапсырған адам өзі тапсырады, ол арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижесі жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады, апелляциялық комиссия оны бір күн ішінде қарайды.

28. Апелляциялық комиссияның шешімі отырысқа оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса заңды деп есептеледі. Арнаулы немесе шығармашылық емтихан нәтижелерімен келіспеу туралы апелляция бойынша шешім қатысушы комиссия мүшелері санының көпшілік дауысымен қабылданады. Апелляциялық комиссия мүшелерінің дауыстары тең болған жағдайда, төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және барлық қатысушы комиссия мүшелерінің қолы қойылған хаттамамен ресімделеді.

29. І.Жансүгіров атындағы ЖУ, республикалық бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын беру конкурсына қатысу үшін немесе ақылы негізде ЖУ-не немесе басқа жоғары

оқу орындарына оқуға қабылдау үшін түсушілердің арнаулы және шығармашылық емтиханының қорытындысын арнаулы және шығармашылық емтихан аяқталған күні Қазақстан Республикасы ғылым және жоғары білім министрлігі Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесіне береді.

(Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 бұйрығымен)

4. ЖУ-не қабылдау тәртібі

30. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау үшін түсушілер қабылдау комиссиясына, оқу орнының ақпараттық жүйесіне немесе www.egov.kz "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидалардың **7-қосымшасына** сәйкес «Жоғары білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау» 8-тармағында көрсетілген құжаттар топтамасын ұсынады.

Қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Қабылдау комиссиясының техникалық хатшысы өтініш түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол порталдағы "жеке кабинетіне" электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Қызмет берушіге құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін оқуға түсуші қабылдау комиссиясына құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 10 мен 25 тамызы аралығында ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға көрсетілетін қызметті алушыны білімгерлердің қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші 9-тармағында қарастырылған негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

(Ескерту. 30-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022.12.15 № 189 бұйрығымен)

30-1. Көрсетілетін қызметті беруші «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

30-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуіне болады.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа

жүгінуге құқығы бар.

30-3. Түсушілерді республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен немесе ақылы негізде қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқу үшін І.Жансүгіров атындағы ЖУ білімгерлер қатарына қабылдауды І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен қабылдау комиссиялары күнтізбелік жылғы 10 мен 25 тамыз аралығында өткізеді.

31. Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білімді кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балл алмаған (ҰБТ нәтижесі бойынша), бейінді пәндердің тіркесімі сәйкес келмейтін ҰБТ нәтижесімен, ҰБТ нәтижесі жойылған орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар тұлғалар І.Жансүгіров атындағы ЖУ -не күндізгі оқу бөліміне ақылы негізде қабылданады.

І.Жансүгіров атындағы ЖУ-де бірінші оқу жылы аяқталғанға дейін осы тұлғалар ҰБТ-ны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 2 мамырдағы № 204 бұйрығымен бекітілген Ұлттық бірыңғай тестілеуді өткізу қағидаларында (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15173 болып тіркелген) (бұдан әрі - № 204 бұйрық) белгіленген уақытта қайта тапсырады.

Осы қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды қайта жинамаған тұлғалар 1 (бірінші) оқу жылы аяқталғаннан кейін тапсырылатын ҰБТ нәтижелері бойынша І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нен оқудан шығарылады.

(Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 бұйрығымен)

32. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

33. Республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру грантын тағайындау туралы электрондық куәлік алғандар І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау жөнінде қабылдау комиссиясына өтініш береді және І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен білімгерлер қатарына қабылданады.

Шығармашылық дайындықты талап ететін білім беру бағдарламаларының топтары бойынша жоғары білімнің білім беру грантының иегерлері І. Жансүгіров атындағы ЖУ-де шығармашылық емтихан тапсырған кезде ғана І. Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылданады.

Мемлекеттік грант негізінде оқуға түскен Қазақстан Республикасының азаматтары "Маманды жұмысқа жіберу, өз бетімен жұмысқа орналасу құқығын беру, мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде білім алған азаматтарды жұмысын өтеу жөніндегі міндетінен босату немесе олардың міндетін тоқтату қағидаларын бекіту және "Білім беру грантын беру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 23 қаңтардағы № 58 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 30 наурыздағы № 390 қаулысында белгіленген тәртіппен кемінде 3 (үш) жыл жұмыспен өтеу туралы шарт жасайды.

34. № 204 бұйрықпен белгіленген мерзімге сәйкес ҰБТ тапсырған ағымдағы жылғы орта, техникалық және кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білімі бар және осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында белгіленген шекті балды жинаған адамдар жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі бітірушілер І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау туралы өтініш береді.

Бұл ретте орта білім ұйымдарын бітіруші 11 (12) сыныптың білім алушылары күнтізбелік жылғы 1 ақпан мен 25 тамыз аралығында, жалпы орта білім туралы құжат алғанға дейін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖМУ-ға қабылдау туралы өтініш береді.

Жалпы орта немесе техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы

құжат алғаннан кейін оқуға түсушілер осы Үлгілік қағидалардың 30-тармағында белгіленген тізбеге сәйкес құжаттарды тапсырады.

35. Осы Үлгілік қағидалардың 4-тармағында қарастырылған, ҰБТ нәтижелері бойынша осы Үлгілік қағидалардың 5-тармағында белгіленген шекті балды жинаған тұлғалар І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы-Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның атына ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау туралы өтініш береді.

Өтінішке ҰБТ сертификаты мен уәкілетті адамның қолы қойылған және мөрмен бекітілген транскрипт көшірмесі қоса беріледі.

Осы Қағидалардың 12, 30, 34, 35-тармағында белгіленген құжаттар тізбесі толық ұсынылмаған жағдайда қабылдау комиссиясы оқуға түсушіден құжат қабылдамайды.

36. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен тілдік бөлімдері бойынша жеке жүргізіледі.

Қысқартылған оқыту мерзімдерін көздейтін жоғары білім кадрларын даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша түсушілерді қоспағанда, шығармашылық емтихандар белгіленген жоғары білімнің білім беру бағдарламаларына қабылдау осы емтихандар бойынша алынған балдар есепке алына отырып жүргізіледі.

«Педагогикалық ғылымдар» білім беру салалары бойынша қабылдау арнаулы емтихан бойынша нәтижелері есепке алына отырып жүргізіледі.

37. Оқуға түсуші екінші деңгейдегі банктер беретін білім беру кредитін ресімдеген жағдайда, ол құжаттарының қаралып жатқандығы туралы банктен тиісті анықтаманы ұсынған кезде І.Жансүгіров атындағы ЖУ білімгерлері қатарына қабылданады.

Бұл ретте оған білім беру қызметін көрсету шартында белгіленген және азаматты оқуға қабылдауға дейін төленуі тиіс соманы төлеу мерзімі білім беру кредитін ресімдеу кезеңіне, бірақ банктен анықтама алған кезден бастап 4 (төрт) аптадан асырылмай ұзартылады.

38. Шет тілінде берілген құжаттардың мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасы болуы тиіс.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде заңнамада белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану рәсімінен өтеді.

39. Ақылы негізде оқуға түсу үшін азамат І.Жансүгіров атындағы ЖУ-мен білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасауға міндетті. Егер азамат 18 жасқа толмаған болса, онда білім беру қызметін көрсету туралы шарт жасасқан кезде оның заңды өкілінің немесе кепілгерінің қатысуы міндетті. Оқуға түсушінің өкілінің өзімен бірге жеке куәлігінің түпнұсқасы мен көшірмесі, сондай-ақ оның заңды өкілі немесе кепілгер ретіндегі құқығын растайтын құжаттары болуы қажет.

40. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау аяқталғаннан бастап күнтізбелік 10 (он) күн ішінде ҚР ҒЖБ ЖЖООКБК-не І.Жансүгіров атындағы ЖУ білімгерлерді қабылдау бойынша қорытынды есеп ұсынады.

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
 бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидаларына
 1-қосымша

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне күндізгі толық, күндізгі қысқартылған және қашықтықтан оқыту технологиялары қолданатылатын күндізгі қысқартылған оқу нысандарына тұлғаларды оқуға қабылдау жүзеге асырылатын бакалавриат білім беру бағдарламаларының тізімі.

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары коды және атауы	Күндізгі толық оқу нысаны	Күндізгі қысқартылған оқу нысаны	Күндізгі қысқартылған оқу нысаны	Қашықтықтан оқыту бойынша қысқартылған оқу нысаны	
							2 жылдық оқу (жоғары білім бағасында)	3 жылдық оқу (техникалық, орта арнайы білім беру бағасында)
6В01 Педагогикалық ғылымдар	6В011 Педагогика және психология	В001 Педагогика және психология	6В01101 Педагогика және психология	+	+	+	+	+
	6В012 Мектепке дейінгі тәрбиелеу және оқыту педагогикасы	В002 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6В01201 Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	+	+	+	+	+
	6В013 Пәндік мамандандырылмаға	В003 Бастауышта оқыту педагогикасы мен	6В01301 Бастауыш оқыту педагогикасы мен	+	+	+	+	+

	н мұғалімдерді даярлау		әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі	әдістемесі
6B014	Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған мұғалімдерін даярлау	V004	Бастапқы әскери дайындық мұғалімдерін даярлау	6B01408	Бастапқы әскери дайындық және дене шынықтыру	+	+	-	+				+
		V005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6B01402	Дене шынықтыру және спорт	+	+	-	+				+
		V006	Музыка мұғалімдерін даярлау	6B01403	Музыкалық білім	+	+	-	+				+
		V007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	6B01406	Көркем еңбек, графика және жобалау	+	+	-	+				+
		V009	Математика мұғалімдерін даярлау	6B01501	Математика	+	+	+	+				+
6B015	Жаратылыстану пәндері бойынша мұғалімдер даярлау	V010	Физика мұғалімдерін даярлау	6B01502	Математика-Информатика	+	+	-	+				+
		V011	Информатика мұғалімдерін даярлау	6B01503	Физика	+	+	+	+				+
		V012	Химия мұғалімдерін даярлау	6B01505	Информатика	+	+	+	+				+
		V013	Биология мұғалімдерін даярлау	6B01506	Химия	+	+	+	+				+
		V014	География мұғалімдерін даярлау	6B01508	Биология	+	+	+	+				+
		V015	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	6B01509	География	+	+	+	+				+
6B016	Гуманитарлық пәндер бойынша мұғалімдер даярлау	V016	Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01510	География- Тарих	+	+	-	+				-
				6B01601	Тарих	+	+	+	+				+
6B017	Тілдер және әдебиет бойынша мұғалімдерді			6B01701	Қазақ тілі мен әдебиеті	+	+	+	+				+

6B02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	6B019	Арайлы педагогика	V017	даярлау	6B01703	Орыс тілі мен әдебиеті	+	+	+	+	+	+	+
				Орыс тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау	6B01704	Орыс тілінде оқыпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті	+	+	+	+	+	+	+
6B03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	6B020	Арайлы педагогика	V018	Шет тілі мұғалімдерін даярлау	6B01705	Шетел тілі: екі шетел тілі	+	+	+	+	+	+	+
				Арайлы педагогика	6B01902	Арайлы педагогика	+	+	+	+	+	+	+
6B04 Бизнес, басқару және құқық	6B021	Өнер	V031	Сән, дизайн	6B02101	Дизайн	+	+	+	+	+	+	+
				Тілдер және әдебиет	6B02301	Аударма ісі	+	+	+	+	+	+	+
6B05 Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	6B023	Журналистика және ақпарат	V037	Филология	6B02302	Филология (казак)	+	+	+	+	+	+	+
				Журналистика және репортер ісі	6B03201	Журналистика	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B041	Бизнес және басқару	V042	Журналистика және ақпарат	6B03202	Қоғаммен байланыс	+	+	+	+	+	+	+
				Бизнес және басқару	6B04102	Мемлекеттік және жергілікті басқару	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B042	Құқық	V044	Менеджмент және басқару	6B04103	Менеджмент	+	+	+	+	+	+	+
				Қаржы, экономика, банк және сақтандыру ісі	6B04108	Қаржы және есеп	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B042	Құқық	V046	Құқық	6B04109	Экономика және басқару	+	+	+	+	+	+	+
				Құқық	6B04201	Құқықтану	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B042	Құқық	V049	Құқық	6B04202	Құқық қорғау қызметі	+	+	+	+	+	+	+
				Құқық	6B04203	Халықаралық құқық	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B052	Қоршаған орта	V051	Қоршаған орта	6B05201	Экология	+	+	+	+	+	+	+
				Ақпараттық коммуникациялық технологиялар	6B06101	Информатика	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B061	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	V057	Ақпараттық технологиялар	6B06102	Ақпараттық жүйелер	+	+	+	+	+	+	+
				Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B06103	Ақпараттық жүйелердің архитектурасы	+	+	+	+	+	+	+
6B06 Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	6B06104	SMART жүйелерді жобалау	V057	SMART жүйелерді жобалау	6B06104	SMART жүйелерді жобалау	+	+	+	+	+	+	+
				SMART жүйелерді жобалау	6B06104	SMART жүйелерді жобалау	+	+	+	+	+	+	+

6B07 Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	6B075	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	B076	Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)	6B07502	Стандарттау, сертификаттау және метрология (салалар бойынша)	+	+	+	+
6B08 Ауыл шаруашылығы және биоресурстар	6B081	Агрономия	B077	Өсімдік шаруашылығы	6B08101	Агрономия	+	+	+	+
6B11 Қызмет көрсету	6B111	Қызмет көрсету саласы	B091	Туризм	6B11103	Туризм және қонақ үй бизнесі	+	+	+	+
	6B112	Гигиена және өндірісте еңбекті қорғау	B094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	6B11201	Қоршаған ортаны қорғау және өмір тіршілігінің қауіпсіздігі	+	+	+	+

* Ескерту: Күндізгі толық оқу нысаны бойынша 5 жылдық және күндізгі қысқартылған оқу нысаны бойынша 4 жылдық «B031 сән, дизайн» БББ бойынша көзделген
«+» - қабылдау жүргізіледі
«-» - қабылдау жүргізіледі

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидаларына
2 қосымша

**SAT (ЭсЭйТи), АСТ (ЭйСиТи), ІВ (АйБи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру
шкаласы Халықаралық стандартталған SAT (ЭсЭйТи) тест сертификатының
балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы**

**1 таңдау – Қолданыстағы SAT Reasoning (ЭсЭйТи Сабджект) және SAT (ЭсЭйТи)
Subject сертификаттары бар оқушылар үшін**

SAT (ЭсЭйТи) халықаралық стандартталған тесті		ҰБТ	
Тест үрлері	Балдар	Тест үрлері	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	Кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) оқу сауаттылығы	15-дан 11
		Математикалық сауаттылық	15-тен 11
	Кемінде 1050 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 12
		Математикалық сауаттылық	15-тен 12
	Кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 13
		Математикалық сауаттылық	15-тен 13
	Кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	14-дан 15
		Математикалық сауаттылық	15-тен 14
SAT subject (ЭсЭйТи сабджект)	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 625 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән 2 бейінді пән	45-тен 41 45-тен 41
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 650 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән 2 бейінді пән	45-тен 42 45-тен 42
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 675 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән 2 бейінді пән	45-тен 43 45-тен 43
	2 бейінді пәндердің әрқайсысы бойынша кемінде 700 балл (800 балдан)*	1 бейінді пән 2 бейінді пән	45-тен 44 45-тен 44

* «ағылшын тілі» бейінді пәні үшін IELTS (Айлтс) нәтижелері ескеріледі.

Ескерту: SAT (ЭсЭйТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) сертификаттары болған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте, түсуші Қазақстан тарихы пәні бойынша ҰБТ тапсырады және SAT subject (ЭсЭйТи сабджект) балдары бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ҰБТ балдарына ауыстырылады.

**2 таңдау – Қолданыстағы SAT Reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификаты бар
оқушылар үшін**

Халықаралық стандартталған SAT тесті		ҰБТ	
Тест үрлері	Балдар	Тест үрлері	Балдар
SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг)	Кемінде 950 балл (1600 балдан)	1 блок (міндетті пәндер) Оқу сауаттылығы	15-дан 11
		Математикалық сауаттылық	15-тен 11
	Кемінде 1050 балл (1600	Оқу сауаттылығы	15-дан 12

	балдан)	Математикалық сауаттылық	15-тен 12
	Кемінде 1150 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 13
		Математикалық сауаттылық	15-тен 13
	Кемінде 1250 балл (1600 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 14
		Математикалық сауаттылық	15-тен 14

*"ағылшын тілі" бейінді пәні үшін IELTS (Айлтс) нәтижелері ескеріледі

Ескерту: SAT (ЭсЭйТи) балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) сертификатары болған жағдайда жүзеге асырылады. Бұл ретте түсуші Қазақстан тарихы және екі бейіндік пәндер бойынша ҰБТ тапсырады.

Халықаралық стандартталған АСТ (ЭйСйТи) тест сертификатының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

АСТ (ЭйСйТи) халықаралық стандартталған тесті		ҰБТ	
Тест бөлімдері	Балдар	Тест бөлімдері	Балдар
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 19 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 11
		Математикалық сауаттылық	15-тен 11
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 21 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 12
		Математикалық сауаттылық	15-тен 12
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	әр бөлім бойынша кемінде 23 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 13
		Математикалық сауаттылық	15-тен 13
English Mathematic Reading (Инглиш мазематик ридинг)	Әр бөлім бойынша кемінде 26 балл (36 балдан)	Оқу сауаттылығы	15-дан 14
		Математикалық сауаттылық	15-тен 14
Science (Сайнз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 19 балл* (36 балдан)	2 бейінді пән	45-тен 41 45-тен 41
Science (Сайнз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 21 балл* (36 балдан)	2 бейінді пән	45-тен 42 45-тен 42
Science (Сайнз) (биология, география, химия, физика)	кемінде 23 балл* (36 балдан)	2 бейінді пән	45-тен 43 45-тен 43
Science (Сайнз) (биология, география, химия, физика)	Кемінде 26 балл* (36 балдан)	2 бейінді пән	45-тен 44 45-тен 44

Ескерту: АСТ (ЭйСйТи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы пәні бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

SAT reasoning (ЭсЭйТи ризонинг) мен АСТ (ЭйЭсТи) нәтижелерін салыстыру кестесі

SAT SCORE	ACT EQUIVALENT
1600–1570	36
1560–1530	35
1520–1490	34
1480–1450	33

1440–1420	32
1410–1390	31
1380–1360	30
1350–1330	29
1320–1300	28
1290–1260	27
1250–1230	26
1220–1200	25
1190–1160	24
1150–1130	23
1120–1100	22
1090–1060	21
1050–1030	20
1020–990	19

Халықаралық Бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндер / бағалар	ІВ						
		1	2	3	4	5	6	7
1	Математика: талдау және тәсілдер/ Математика: қолдану және түсіндіру (математикалық сауаттылық)	5	8	10	12	13	14	15
2	Физика (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
	Химия (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
	Биология (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
	Математика: талдау және тәсілдер/ Математика: қолдану және түсіндіру (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
	Дүниежүзі тарихы (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
	Жаһандық қауымдастықтағы ақпараттық технологиялар/ Компьютерлік ғылымдар (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
	Ағылшын тілі (А); Ағылшын тілі (В) (бейінді пән)	14	23	29	36	41	44	45
Бейінді пәндер	14	23	29	36	41	44	45	

Ескерту: ІВ (АйБи) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

A Level (Э-Левел) халықаралық бакалавриат бағдарламасының балдарын ҰБТ балдарына ауыстыру шкаласы

№	Пәндер / бағалар	ҰБТ балдары	A Level (Э-Левел)						
			U (1)	E (2)	D (3)	C (4)	B (5)	A (6)	A*(7)
1	Математика/математика (математикалық сауаттылық)	ҰБТ балдары	5	8	10	12	13	14	15
2	Бейіндік пәндер		14	23	29	36	41	44	45

Ескерту: A Level (Э-Левел) балдары ҰБТ балдарына Қазақстан тарихы және оқу сауаттылығы пәндері бойынша ҰБТ тапсырған жағдайда, және бейіндік пәндері сәйкес келген жағдайда ғана ауыстырылады.

Халықаралық стандартталған тест IELTS (АЙЛТС) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	балдары	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	IELTS (АЙЛТС)	6.0 және одан жоғары	45	50
2		5.5	41	46
3		5.0	37	42

Халықаралық стандартталған тест TOEFL ibt (ТОЙФЛ АЙБИТИ), TOEFL itp (ТОЙФЛ АЙТИПИ), TOEFL pbt (ТОЙФЛ ПИБИТИ) балдарын ҰБТ ("Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пән/арнайы пән) балдарына ауыстыру шкаласы

№	Тест түрі	балдары	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" бейіндік пәні бойынша балы	ҰБТ-ның "Шет тілі (ағылшын)" арнайы пәні бойынша балы
1	TOEFL (ТОЙФЛ АЙБИТИ)	ibt 60 және одан жоғары	45	50
2		46-59	41	46
3		35-45	37	42
1	TOEFL (ТОЙФЛ АЙТИПИ)	itp 543 және одан жоғары	45	50
2		500-542	41	46
3		451-499	37	42
1	TOEFL (ТОЙФЛ ПИБИТИ)	pbt 567 және одан жоғары	45	50
2		515-566	41	46
3		433-499	37	42

«І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ
 жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру
 бағдарламалары бойынша оқуға қабылдау қағидаларына
 3 қосымша

І. Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне мемлекеттік білім беру гранты және ақылы негізде оқуға түсу үшін ҰБТ-ның ең төменгі өту шекті балдары.

Білім беру саласының коды және атауы	Даярлау бағытының коды және атауы		Білім беру бағдарламалары топтарының коды және атауы	Білім беру бағдарламалары коды және атауы		Күндізгі толық оқу нысаны	Күндізгі қысқартылған оқу нысаны	
	6B011	6B012		6B01101	6B01201			
		<p>"электрондық үкімет" шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ақпараттық жүйе арқылы алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы порталда "жеке кабинетінде" ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін құжаттардың қабылдағаны туралы хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге күнтізбелік жылдың 10-25 тамызы аралығында құжаттардың түпнұсқаларын ұсынады.</p> <p>ЖЖОКБҰ-ға қабылдау үшін мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтар ЖЖОКБҰ қабылдау комиссиясына мынадай құжаттарды ұсынады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) ЖЖОКБҰ басшысының атына еркін нысанда өтініш; 2) білімі туралы құжат (түпнұсқа); 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін талап етіледі); 4) өлшемі 3 x 4 сантиметр болатын 6 фотокарта; 5) "денсаулық сақтау саласындағы есептік құжаттама нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) электрондық форматтағы 075/e нысаны бойынша медициналық анықтама (бұдан әрі - № ҚР бұйрығы ДСМ-175/2020). Шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, белгілі бір аумақта әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралар алынып тасталуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады; 6) әскери билеттің көшірмесі; 7) мерзімді әскери қызмет өткергенін растау туралы анықтама (ХҚКО-дан немесе E-GOV ақпараттық жүйесі арқылы алынған).
9.	<p>Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздемелер</p>	<p>Көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметті көрсетуден келесі негіздемелер бойынша бас тартады:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі.

10.	Мемлекеттік қызмет көрсету, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация арқылы көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып, өзге де талаптар	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының құжаттар топтамасын тапсыруы үшін күтудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушыға қызмет көрсетудің рұқсат етілген ең ұзақ уақыты-15 минут (практиканы ескере отырып).</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушы ЭЦҚ болған жағдайда мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтері, Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Көрсетілетін қызметті берушінің Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтама қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz және бірыңғай байланыс орталығы: 8-800-080-7777, 1414.</p> <p>Бірыңғай байланыс орталығы "1414", 8-800-080-7777.</p>
-----	--	--

ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫНА ҚАБЫЛДАУ ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелері

1. «І. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті» КЕ АҚ-на (бұдан әрі -«І. Жансүгіров атындағы ЖУ») оқуға қабылдаудың ережесі "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 5-бабының 11) тармақшасына және тұлғаларды жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына қабылдаудың тәртібін және «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары оқу орындарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік көрсетілетін қызмет тәртібін айқындайтын "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленген 2018 жылғы 31 қазандағы № 600 жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың Үлгілік қағидалары негізінде әзірленді.

2. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – ЖЖОКБҰ) магистранттарын, докторанттарын қабылдау ғылыми-педагогикалық және бейінді бағыттар бойынша кадрларды даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру арқылы, сондай-ақ білім алушылардың өз қаражаты және өзге де қаражат көздері есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

2. Білім беру ұйымдарына жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларына оқуға қабылдау тәртібі

3. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің магистратурасына, оның ішінде мақсатты даярлау бойынша тұлғаларды қабылдау кешенді тестілеу (бұдан әрі-КТ) нәтижелері бойынша конкурстық негізде жүзеге асырылады. Докторантураға түсу емтихандарының нәтижелері бойынша қабылданады.

Магистратураға, докторантураға шетелдіктерді қабылдау ақылы негізде жүзеге асырылады. Шетелдіктердің мемлекеттік білім беру тапсырысына сәйкес конкурстық негізде тегін жоғары оқу орнынан кейінгі білім алу құқығы магистратура бағдарламалары бойынша стипендиялық бағдарламаларды есепке алмағанда, Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарымен айқындалады.

Мерзімді әскери қызмет өткергеннен кейін үш жыл ішінде бейінді магистратураға ақылы негізде мерзімді әскери қызмет өткерген адамдарды қабылдау І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиялары күнтізбелік жыл ішінде өткізетін Сұхбаттасу нәтижелері бойынша түсу емтихандарынсыз жүзеге асырылады. Бұл ретте мерзімді әскери қызмет өткерген азаматтарды қабылдау академиялық күнтізбеге сәйкес келесі академиялық кезең басталғанға дейін 5 (бес) күн бұрын жүзеге асырылады.

4. І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не шетел азаматтарын ақылы негізде қабылдау сұхбаттасу нәтижесі бойынша І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиясымен күнтізбелік жыл бойы жүзеге асырылады. Шетел азаматтарын қабылдау академиялық күнтізбесіне сәйкес келесі академиялық кезеңнің басталуына 5 (бес) күн қалғанда жүргізіледі.

(Ескерту. 3-тармақ жана редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 26.01.2023 № 29 бұйрығымен)

5. Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар заңнамада белгіленген тәртіппен танылады.

Шет тіліндегі құжаттар мемлекеттік немесе орыс тіліндегі нотариалды куәландырылған аудармасымен бірге беріледі.

Шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттар адамдар оқуға қабылданғаннан кейін оқудың 1 (бірінші) академиялық кезеңі ішінде Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен білім туралы құжаттарды тану

рәсімінен өтеді.

6. Құжаттарды қабылдау және түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыру үшін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-де қабылдау комиссиясы құрылады. Қабылдау комиссиясының Төрағасы І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы- Ректор немесе оның міндетін атқарушы тұлға болып табылады.

Қабылдау комиссиясының құрамы және функциялары І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің Басқарма Төрағасы- Ректордың немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның бұйрығымен бекітіледі.

Докторантураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беру, түсу емтиханының рәсімімен таныстыруды;

2) түсушілердің құжаттарын қабылдау мен тексеруді ұйымдастыруды;

3) білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандарын өткізуді ұйымдастыруды жүзеге асырады.

Магистратураға түсушілер үшін қабылдау комиссиясы:

1) түсушілерге таңдаған жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары тобының мәселелері бойынша консультация беруді, КТ рәсімімен таныстыруды жүзеге асырады.

7.Магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі-ҰТО) ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 1 маусымнан 5 шілдеге дейін;

2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

IELTS, TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung, TFI (Test de Français International™), (Diplome d'Etudes en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français) шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттары және стандартталған GRE (Graduate Record Examinations) тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаттары бар тұлғаларға КТ-ға электронды форматта және конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізу қажет.

Жоғарыда көрсетілген сертификаттардың балдарын аудару республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш бергеннен кейін немесе Қағидаларға 9-1, 10, 10-1 - қосымшаларға сәйкес ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы Жетісу университетіне қабылданған кезде жүзеге асырылады.

КТ келесі мерзімдерде жүргізіледі:

1) күнтізбелік жылғы 20 шілдесінен 10 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 18 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Магистратурасына түсушілердің өтініштерін қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының (бұдан әрі-ҰТО) ақпараттық жүйесі арқылы келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

1) күнтізбелік жылғы 3 шілдеден 3 тамызға дейін;

2) күнтізбелік жылғы 25 қазаннан 10 қарашаға дейін.

GRE (Graduate Record Examinations) халықаралық стандартталған тест сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханына қатысу үшін өтініш берген кезде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Көрсетілген сертификат балдарын түсу емтиханының балдарына ауыстыру Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес мемлекеттік білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысуға өтініш берген кезде жүзеге асырылады.

Докторантураға білім беру бағдарламаларының тобы бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 4 тамыздан 20 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 19 қарашадан 11 желтоқсанға дейін.

Түсуші өтініш беру кезінде бір ЖЖОКБҰ мен бір білім беру бағдарламасының тобын көрсетеді.

Докторантураға түсуші тұлғалар мынадай құжаттар топтамасын тапсырады:

- 1) еркін нысандағы өтініш;
- 2) білім туралы құжат (құжаттарды қабылдау комиссиясына тапсырған кезде түпнұсқасы);
- 3) жеке басын куәландыратын құжат (жеке басын сәйкестендіру үшін қажет);
- 4) ҰТО берген мемлекеттік тіл бойынша емтихан тапсырғаны туралы ресми сертификат (ҚАЗТЕСТ), шетелдік азаматтарды қоспағанда;
- 5) шетел тілі бойынша тест тапсырғаны туралы сертификат:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейі), TestDaF-Prüfung (Niveau B2/B2 деңгейі);

француз тілі: TFI (Test de Francais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейі, DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейі, TCF (Test de connaissance du francais), шекті балл кемінде – B2;

6) № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрықпен бекітілген 075/у нысаны бойынша электрондық форматтағы медициналық анықтама;

Белгілі бір аумақта шектеу іс-шаралары жүзеге асырылған, төтенше жағдай енгізілген, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындаған жағдайларда осы іс-шаралардың алынуына қарай тікелей білім беру ұйымдарына медициналық анықтама ұсынады.

7) 3x4 сантиметр көлеміндегі алты фотосурет;

8) шетелдік азаматтарды қоспағанда, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне сәйкес еңбек қызметін растайтын құжат;

9) соңғы 3 күнтізбелік жылдағы ғылыми жарияланымдар тізімі (болған жағдайда), зерттеулер жүргізу жоспары және эссе;

4), 5) және 8) тармақшаларда көрсетілген құжаттар түпнұсқада және көшірмелерде ұсынылады, салыстыру жүргізілгеннен кейін түпнұсқалары өтініш берушіге қайтарылады.

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді (бұдан әрі – қосымша тестілеу) тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Қосымша тестілеу нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҰТО сайтында жарияланады және расталады және түсушінің жеке кабинетіне жіберіледі.

4-20 тамыз аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты күнтізбелік ағымдағы жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілген қосымша тестілеу сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды.

Осы тармақта көрсетілген құжаттар тізбесін толық ұсынбаған жағдайда қабылдау комиссиясы түсушілерден құжаттарды қабылдамайды.

Магистратура мен докторантураға қабылдау келесі мерзімдерде жүзеге асырылады:

- 1) күнтізбелік жылғы 15 тамыздан 28 тамызға дейін;
- 2) күнтізбелік жылғы 26 желтоқсаннан 10 қаңтарға дейін.

(Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022.07.20 № 3 бұйрығымен)

7-1. І.Жансүгіров атындағы ЖУ ЕМВА білім беру бағдарламасы бойынша жоғары және орта басқару буынының менеджерлерін дайындауды жүзеге асырады.

ЕМВА-да оқу мерзімі -1 жыл, өндірістен қол үзбей.

ЕМВА мемлекеттік талаптарға және халықаралық білім беру стандарттарына толық сай.

ЕМВА білім беру бағдарламасына түсушілерге қойылатын талаптар:

ЕМВА білім беру бағдарламасына жоғары және жоғары білімнен кейінгі білім берудің/кәсіби оқу бағдарламаларын толық игерген Қазақстан Республикасының және шет ел азаматтары қабылданады;

- 3 жылдан кем емес еңбек өтілі;
- жоғары білім немесе бакалавр дипломы (немесе баламасы);
- шетелдік білім беру ұйымдары берген білім туралы құжаттары бар тұлғалар алған білім деңгейі мен дайындық профиліне сәйкес білім құжаттарын тану рәсімін өту қажет.

Қажетті құжаттар тізімі:

- 1) ректордың атына белгіленген үлгідегі өтініш;
 - 2) нотариалды куәландырылған жоғары білім туралы құжат көшірмесі қосымшаларымен;
 - 3) ұйымның мөрімен куәландырылған кадр есебі бойынша жеке парақ немесе жұмыс орнынан еңбек өтілін растайтын анықтама;
 - 4) 3x4 екі сурет;
 - 5) жеке куәлік немесе паспорт көшірмесі;
 - 6) ғылыми және ғылыми-әдістемелік жұмыстардың көшірмесі (бар болса);
- Осы тармақтағы көшірмелермен бірге салыстыру үшін құжаттар түпнұсқасы ұсынылады. Салыстырылғаннан кейін түпнұсқалар қайтарылады.

ЕМВА білім беру бағдарламаларына түсуші тұлғалар ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша түсу емтихандарының бағдарламаларына сәйкес түсу емтиханын тапсырады.

Емтихандарды қайта тапсыруға рұқсат жоқ.

Қабылдау емтиханының нәтижесімен келіспеген түсуші апелляциялық комиссия Төрағасының атына емтихан материалдарының мағынасы және (немесе) техникалық себептер бойынша қабылдау емтиханының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13-00 дейін жазбаша түрде апелляциялық өтініш бере алады.

Қабылдау емтихандарының нәтижелері бойынша кемінде 50 балл жинаған тұлғалар ЕМВА білім беру бағдарламаларына қабылданады.

ЕМВА білім беру бағдарламасы бойынша оқу бітірген тұлғаларға « Іскери әкімшілік магистрі» мамандығы бойынша диплом беріледі.

ЕМВА білім беру бағдарламасы бойынша оқуға түсушілерден өтініштерді қабылдау келесі мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 1-13 тамызы аралығында;
- 2) күнтізбелік жылдың 2-15 желтоқсаны аралығында.

ЕМВА білім беру бағдарламалары бойынша түсу емтихандары келесі мерзімдерде

өткізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 15-22 тамызы аралығында;
- 2) күнтізбелік жылдың 16-25 желтоқсаны аралығында.

EMBA білім беру бағдарламалары бойынша қабылдау мынадай мерзімдерде жүргізіледі:

- 1) күнтізбелік жылдың 25 тамызына дейін;
- 2) күнтізбелік жылдың 26 желтоқсанынан 10 қаңтарына дейін.

3. Магистратураға қабылдау және түсу

8. Магистратураның білім беру бағдарламалары топтарына *9-қосымшаға* сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғалар қабылданады.

Бұл ретте, магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білім беру бағдарламасына келіп түскен және сәйкес келген кезде алдыңғы деңгейдегі оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады; магистратураның білім беру бағдарламасының бейіні жоғары білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес келмеген кезде магистрантқа игеру үшін пререквизиттер бекітіледі ("Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 27 шілдедегі №2 бұйрығына сәйкес 48-т.).

Пререквизиттерді игеру мерзімдері I.Жансүгіров атындағы ЖУ-дың академиялық саясатының 6.10-тармағына сәйкес белгіленеді. Пререквизиттер ақылы негізде игеріледі.

9. Магистратураға түсуші адамдар күнтізбелік жылғы 25-28 тамыз аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (ЖЖОКБҰ-ның қабылдау комиссиясы арқылы) немесе "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы осы Үлгілік қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес "Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту үшін жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесінің (бұдан әрі – Негізгі талаптар тізбесі) 8-тармағында көзделген құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден «электрондық үкімет» шлюзі арқылы беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің техникалық хатшысы құжаттар топтамасын қабылдауды, ("Білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжаттардың түрлері мен нысандарын және оларды беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10348 болып тіркелген) (бұдан әрі – № 39 бұйрық)) оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін І.Жансүгіров атындағы ЖУ ректоры көрсетілетін қызмет алушыны І.Жансүгіров атындағы ЖУ магистранттарының қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші негізгі талаптар тізбесі 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

9-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

9-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

10. Ғылыми-педагогикалық бағыт бойынша магистратураға түсуші тұлғалар шет тілі (таңдау бойынша ағылшын, неміс, француз) бойынша тестен, білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша тестен, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдауы бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестен тұратын КТ тапсырады.

Бейіндік бағыт бойынша магистратураға түсуші тұлғалар КТ тапсырады, оған білім беру бағдарламалары топтарының бейіні бойынша тест, оқуға дайындығын анықтауға арналған таңдау бойынша қазақ немесе орыс тіліндегі тестен тұратын КТ тапсырады.

11. КТ өткізу Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 190 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18657 болып тіркелген) бекітілген Кешенді тестілеу өткізудің қағидаларына сәйкес жүзеге асырылады.

КТ Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (бұдан әрі - ҚР ҒЖБМ) айқындайтын КТ өткізу пункттерінде ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығы өткізеді.

КТ нәтижелері бойынша электрондық сертификат беріледі, ол ҚР ҒЖБМ Ұлттық тестілеу орталығының сайтында расталады.

Түсу емтихандарын және КТ-ны қайта тапсыруға оларды тапсырған жылы рұқсат етілмейді.

12. Магистратураға түсетін тұлғалар шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификат болған кезде, Қағидаларға 9-1-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес келесі тілдер бойынша аударыла отырып, шет тілі бөлімінен өз қалауымен босатылады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic);

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test);

неміс тілі: DSH (Deutsche Sprachprüfung fuer den Hochschulzugang), TestDaF-Prüfung;
француз тілі: TFI (Test de Français International™), DELF (Diplome d'Études en Langue française), DALF (Diplome Approfondi de Langue française), TCF (Test de connaissance du français).

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ немес орыс тілінде жүргізілетін ғылыми-педагогикалық магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен және шет тілі бөлімінен босатылады.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру топтары бағдарламаларына, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Әлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша магистратураға түсуші тұлғалар, Қағидаларға 10-1-қосымшаға сәйкес балдарды ауыстыру шкаласына сәйкес GRE (Graduate Record Examinations) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде оқыту қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде жүргізілетін бейінді магистратураға КТ оқуға дайындығын айқындауға арналған тесттен өз қалауымен босатылады.

"Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттарының білім беру бағдарламалары топтары бойынша магистратураға түсуші тұлғаларға GMAT (Graduate Management Admission Test) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес қазақ, орыс немесе ағылшын тілдерінде оқытатын магистратураға КТ тапсырудан босатылады.

GMAT стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру бойынша конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау кезінде сертификат деректерін енгізуі қажет.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы мен қолданылу мерзімін республикалық бюджет немесе жергілікті бюджет қаражаты есебінен білім беру гранттарын беру жөніндегі конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде немесе ақылы негізде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау комиссиялары тексереді.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭЫДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл ішінде оқыту қазақ немесе орыс тілінде жүргізілетін магистратураға КТ тестілеуінің "Шет тілі" (ағылшын тілі) бөлімін тапсырудан босатылады.

4. Докторантураға қабылдау және түсу емтихандарын өткізу

13. Докторантураға "магистр" дәрежесі және кемінде 9 (тоғыз) айдан кем емес еңбек өтілі бар тұлғалар қабылданады.

14. Докторантураға түсуші тұлғалар күнтізбелік жылдың 22 мен 28 тамызы аралығында көрсетілетін қызметті берушіге (І.Жансүгіров атындағы ЖУ қабылдау комиссиясы арқылы) немесе портал арқылы Негізгі талаптар тізбесінің 8-тармағында қарастырылған осы Қағидалардың 9-қосымшасына сәйкес құжаттар топтамасын тапсырады.

Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып өзге де мәліметтерді қамтитын Мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

Негізгі талаптар тізбесінде келтірілген.

Жеке басын куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер, жоғары білім туралы құжат, медициналық анықтама, интернатураны бітіргені туралы куәлік көрсетілетін қызметті берушіге «электрондық үкімет» шлюзі арқылы тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден ұсынылады.

Көрсетілетін қызметті берушінің техникалық хатшысы құжаттар топтамасын қабылдауды, оларды тіркеуді және көрсетілетін қызметті алушыға құжаттар топтамасын қабылдау туралы қолхат беруді жүзеге асырады немесе көрсетілетін қызметті алушы құжаттар топтамасын толық ұсынбаған жағдайда құжаттарды қабылдаудан бас тартады.

Құжаттарды портал арқылы берген жағдайда көрсетілетін қызметті алушының «жеке кабинетінде» мемлекеттік қызмет көрсетуге арналған сұрау салуды қарау мәртебесі туралы ақпарат, сондай-ақ мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті беруші олар түскен сәттен бастап ұсынылған құжаттардың толықтығын тексереді және құжаттар толық болмаған жағдайда өтінішті қараудан дәлелді бас тартуды дайындайды, ол өтініш берушіге порталдағы «жеке кабинетіне» электрондық құжат нысанында жіберіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы құжаттардың толық топтамасын ұсынған жағдайда қызмет берушіге І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не қабылдау үшін құжаттарды қабылдау туралы хабарлама жіберіледі. Хабарламаны алғаннан кейін көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге құжаттардың түпнұсқаларын күнтізбелік жылдың 28 тамызына дейін ұсынады.

Құжаттарды қабылдағаннан кейін І.Жансүгіров атындағы ЖУнің ректоры көрсетілетін қызметті алушыны І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің докторанттары қатарына қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Көрсетілетін қызметті беруші Негізгі талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тартады.

14-1. Көрсетілетін қызметті беруші "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" 2013 жылғы 15 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 5 -бабы 2-тармағының 11) тармақшасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызметті көрсету сатысы туралы мәліметтерді енгізуді қамтамасыз етеді.

14-2. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына, мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға берілуі мүмкін.

Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес көрсетілетін қызметті берушінің мекен-жайына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Көрсетілген мемлекеттік қызмет нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушының Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінуге құқығы бар.

15. Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша мақсатты даярлау аясында тұлғалардың өтініштерін (еркін түрде) қабылдауды І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиясы жүргізеді.

16. Докторантураға түсушілер шет тілін маңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілікке (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергендігін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынады:

ағылшын тілі: IELTS Academic (International English Language Testing System Academic), шекті балл кемінде – 5,5;

TOEFL IBT (Test of English as a Foreign Language Internet-based test), шекті балл кемінде – 46;

TOEFL PBT (Test of English as a Foreign Language Paper-based test), шекті балл кемінде – 453;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm), шекті балл – кемінде 460;

неміс тілі: Deutsche Sprachpruefung fuer den Hochschulzugang (DSH, Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес), TestDaF-Pruefung (Niveau B2/B2 деңгейінен төмен емес);

француз тілі: TFI (Test de Franzais International™) – оқу және тыңдау секциялары бойынша B2 деңгейінен төмен емес), DELF (Diplome d'Etudes en Langue francaise) – B2 деңгейінен төмен емес, DALF (Diplome Approfondi de Langue francaise) – B2 деңгейінен төмен емес, TCF (Test de connaissance du franzais) – B2 деңгейінен төмен емес;

TOEFL ITP (Test of English as a Foreign Language Institutional Testing Programm) сертификаты бар тұлғалар докторантураға түсу емтиханы басталғанға дейін ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді тапсырады.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің тест тапсырмаларының саны 100 сұрақты құрайды. Ең жоғарғы балл саны 100 балды құрайды.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу "өтті" немесе "өтпеді" деген нысанда бағаланады. "Өтті" деген бағаны алу үшін кемінде 75 балл жинау керек.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеуді ҰТО білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізеді.

Ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеудің өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалығы және жарамдылық мерзімі ЖУ-нің қабылдау комиссиясы және біліктілікті арттыру және қосымша білім беру орталығымен бірігіп тексеріледі.

Мемлекеттік немесе ресми тілі ағылшын тілі болып табылатын елдерде шетелдік ЖЖОКБҰ-ны аяқтаған және экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымына (ЭБДҰ) мүше мемлекеттердің аккредиттеу органдарының тізіліміне және (немесе) қауымдастығына енгізілген шетелдік аккредиттеу органдарының мамандандырылған аккредитациясы бар тұлғалар 5 жыл бойы осы тармақта көрсетілген шет тілін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттеріне (стандарттарына) сәйкес шет тілін меңгергенін растайтын халықаралық сертификаттарды ұсынбайды.

17. Докторантураға түсу емтиханы қағаз немесе компьютерлік форматта өткізіледі.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша қағаз форматтағы түсу емтиханын осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес докторантураның білім беру бағдарламасы I.Жансүгіров атындағы ЖУ-де өткізіледі. Бұл ретте, түсуші тұлғалар докторантура білім беру бағдарламасының тобы бойынша түсу емтиханын I.Жансүгіров атындағы ЖУ-де ғана тапсырады.

Докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша компьютерлік форматтағы түсу емтиханы осы Қағидалардың 12-қосымшасына сәйкес білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдарда өткізіледі.

Түсу емтихандарының өткізілу күні, уақыты және орны түсушіге оның "жеке кабинеті" арқылы жолданады.

17-1. Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы:

1) оқуға түсушімен ЖЖОКБҰ-ның емтихан комиссиясы өткізетін әңгімелесу;

2) эссе жазудан;

3) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тестілеуден (бұдан әрі –

ОДТ);

4) білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптардан тұрады.

Осы Қағидалардың **13-қосымшасына** сәйкес қорытынды баға эссе, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына берілген жауаптар нәтижелерінің қосындысынан алынған балдар жиынтығынан тұрады.

Докторантураға түсу емтиханына 4 сағат (260 минут) беріледі, оның ішінде:

- Сұхбаттасу ге – 20 минут;
- ОДТ-ға – 50 минут;

- эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазуға – 190 минут (3 сағат 10 минут).

Бұл ретте, көру, есту, тірек-қимыл аппаратының функциялары бұзылған мүгедектігі бар адамдарға "Медициналық-әлеуметтік сараптама жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 44 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10589 болып тіркелген) бекітілген мүгедектікті белгілеу туралы құжатты ұсынған жағдайда 60 минутқа дейін қосымша уақыт беріледі.

Түсу емтиханының және (немесе) апелляцияға өтінішті қарау (апелляцияға өтініш берген жағдайда) нәтижелері бойынша түсушіге ҰТО-ның сайтында жарияланатын және түсушінің жеке кабинетіне жолданатын электрондық сертификат беріледі.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханының электрондық сертификаты ҰТО-ның сайтында расталады.

4 мен 20 тамыз аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты ағымдағы күнтізбелік жылғы 1 желтоқсанға дейін жарамды болады.

18 қараша мен 11 желтоқсан аралығында өткізілетін түсу емтиханының сертификаты келесі күнтізбелік жылғы 1 наурызға дейін жарамды болады.

17-2. Эссе тақырыптарын, білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша сұрақтарды түсу емтихандары басталғанға дейін екі ай бұрын І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Ғылыми кеңесімен бекітіледі және І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің zhetysu.edu.kz. ресми сайтына орналастырылады.

17-3. Докторантураға түсетін адамдар үшін Сұхбаттасу ді І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің "Эссе жазу", "ОДТ" және "Білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар" блоктары бойынша түсу емтихандарын тапсырғанға дейін дербес жүргізеді.

Сұхбаттасу оқуға түсушінің кәсіби және жеке қасиеттерін, ғылыми - зерттеу немесе эксперименттік-зерттеу жұмыстарын жүргізу әлеуетін бағалауға бағытталған.

Сұхбаттасу міндетті түрде бейне байланысты пайдалана отырып, қашықтықтан жүргізіледі. Бейнежазба архивте кемінде үш жыл сақталады.

Сұхбаттасу емтихан комиссиясының Төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қоятын хаттамамен ресімделеді.

Оқуға түсуші Сұхбаттасу ге келмеген жағдайда 0 балл қойылады, хаттамамен ресімделеді, оған емтихан комиссиясының Төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

(Ескерту. Қабылдау қағидалары 17-3-тармақпен толықтырылды-ҚР Ғылым және жоғары білім министрінің 2022.07.20 № 3 бұйрығымен

18. Докторантураға түсу емтихандарын өткізу кезеңінде І.Жансүгіров атындағы ЖУ-де білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары құрылады. Кадрларды даярлаудың ұқсас бағыттары бойынша бір емтихан комиссиясын құруға жол беріледі.

19. Білім беру бағдарламаларының топтары бойынша емтихан комиссиялары тиісті бейінге сәйкес ғылым докторы немесе кандидаты, ғылыми дәрежесі бар немесе философия докторы (PhD) дәрежесі бар І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің профессор-оқытушылық құрамының қатарынан қалыптастырылады.

Емтихан комиссиясының құрамына апелляциялық комиссияның мүшелері кірмейді⁷

Емтихан комиссиясының құрамы олардың төрағалары көрсетіле отырып І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің Басқарма Төрағасы- Ректордың бұйрығымен бекітіледі.

І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не оқуға түсуші тегін, атын және әкесінің атын (бар болған жағдайда), ЖЖОКБҰ - І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің, ББТ көрсетілген сауалнаманы толтырады және эссе жазуға көшеді, докторантурада оқуға дайындық тестінен өтеді, кездейсоқ түрде таңдалған білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жазбаша жауап береді және жұмыс нәтижелерін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-не жібереді. Дайындық тестінің нәтижелерін ҰТО өңдейді.

І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің емтихан комиссиялары жұмыстарды түсушінің жеке коды бойынша тексереді және қарау нәтижелерін ақпараттық жүйе арқылы ҰТО-ға нәтижелерді одан әрі жариялау үшін жібереді.

"Педагогикалық ғылымдар", "Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика", "Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар", "Инженерлік, өңдеу және құрылыс саласы" білім беру салаларының білім беру бағдарламаларының топтары бойынша докторантураға түсушілер, сондай-ақ "Гуманитарлық ғылымдар", "Өлеуметтік ғылымдар", "Бизнес және басқару" кадрларын даярлау бағыттары бойынша түсуші тұлғалар білім беру бағдарламалары тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарының бөлімін тапсырады және Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес балдарды аудару шкаласына сәйкес GRE Graduate Record Examinations (грэдуэйт рекорд экзаменейшен) стандартталған тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты болған кезде эссе жазудан және докторантураға оқуға дайындығын анықтауға арналған тест жазудан босатылады.

Стандартталған GRE тестін тапсыру туралы халықаралық сертификаты бар тұлғалар түсу емтиханы мен конкурсқа қатысу үшін өтініш берген кезде деректерді енгізуі керек.

Сертификат балдарын ОДАТ және эссе жазу балдарына ауыстыру білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысу үшін өтініш берілген кезде және ЖЖОКБҰ-ға ақылы негізде оқуға қабылдау кезінде жүзеге асырылады.

Ұсынылатын сертификаттардың түпнұсқалылығын және жарамдылық мерзімін І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің қабылдау комиссиялары тексереді."

5. Апелляциялық комиссиялардың жұмысы

20. І.Жансүгіров атындағы ЖУ докторантураның білім беру бағдарламаларының топтары бойынша түсу емтихандарын өткізуге күнтізбелік жиырма күн қалғанда ҚР ҒЖБ-не түсу емтихандарын өткізудің кестесін жібереді.

21. Түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін университетте апелляциялық комиссия құрылады. Апелляциялық комиссияның Төрағасы мен құрамы қабылдау комиссиясы Төрағасының бұйрығымен бекітіледі.

КТ нәтижелерімен келіспеген тұлғалардың өтініштерін қарастыру үшін ҚР ҒЖБ жанында Республикалық апелляциялық комиссия құрылады. Республикалық апелляциялық комиссияның Төрағасы мен құрамы ҚР ҒЖБ бұйрығымен бекітіледі.

КТ-ны қағаз форматта жүргізген кезде әр КТ өткізу пунктінде апелляциялық комиссиялар құрылады. Апелляциялық комиссиялардың төрағалары ҚР ҒЖБ бұйрығымен бекітіледі.

22. Апелляциялық комиссия докторантураға түсуші тұлғалардан емтихан материалдарының мазмұны мен техникалық себептері бойынша түскен өтініштерді қабылдайды және қарайды.

Республикалық апелляциялық комиссия магистратураға түсетін тұлғалардың тест тапсырмаларының мазмұны мен техникалық себептері бойынша өтініштерін қарайды.

Апелляциялық комиссия және (немесе) Республикалық апелляциялық комиссия түсу (шығармашылық) емтиханының немесе жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің білім беру бағдарламалары топтары бойынша КТ нәтижелеріне шағымданатын адамның өтініші туралы шешім қабылдайды.

23. Докторантураға, магистратураға түсуші тұлғалардан апелляцияға өтініш апелляциялық комиссия Төрағасының атына жеке немесе ҰТО-ның ақпараттық жүйесі

аркылы беріледі.

Өтініштер докторантураға түсу емтихандары және КТ нәтижелері жарияланғаннан кейінгі келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және І.Жансүгіров атындағы ЖУ-нің апелляциялық комиссиясы өтініш берілген күннен бастап бір күн ішінде қарайды.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы бойынша апелляцияға өтініш нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13:00-ден 13:40-ға дейін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындаған ұйымдардың базасында қабылданады.

Докторантураға түсуші тұлғалардан докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде тест тапсырмаларының мазмұны және техникалық себеп бойынша апелляцияны Республикалық апелляциялық комиссия қарастырады.

Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті түсуші түсу емтиханы өткізу барысында береді.

Докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімінде техникалық себептер бойынша апелляцияға өтінішті түсуші түсу емтиханы өткізу барысында береді.

Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қабылданады.

Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

Докторантураға компьютерлік форматтағы түсу емтиханы нәтижесі бойынша апелляцияға 40 минут беріледі, оның ішінде:

1) докторантурада оқуға дайындығын анықтауға арналған тест бөлімі бойынша – 10 минут;

2) эссе және білім беру бағдарламасы тобының бейіні бойынша емтихан сұрақтарына жауаптар жазу бөлімі бойынша – 30 минут.

Мазмұны және техникалық себеп бойынша Докторантураға түсуші тұлғалардан ОДАТ блогы мен ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясын Республикалық апелляциялық комиссия қарастырады.

Докторантураға түсуші тұлғалар ОДАТ блогы мен ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясының техникалық себептері бойынша өтінішін түсу емтиханы өткізу барысында береді.

Техникалық себеп бойынша апелляция тест тапсырмасы шартының фрагменті (мәтін, сызба, суреттер, кестелер) болмаса, соның нәтижесінде дұрыс жауапты анықтау мүмкін болмағанда қабылданады.

Апелляцияға арналған өтініште көрсетілген нақты фактілер қарастырылуға жатады.

Докторантураға түсуші тұлғалар мазмұны бойынша ОДАТ блогы мен ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясына өтінішті 30 минут ішінде береді.

Докторантураға түсуші тұлғалардан мазмұны бойынша ОДАТ блогы мен ағылшын тілін білуге арналған қосымша тестілеу апелляциясы мынадай жағдайларда қаралады:

1) дұрыс жауап дұрыс жауаптар кодымен сәйкес келмейді (дұрыс жауаптың нұсқасы көрсетіледі);

